



Берқайыр АМАНШИН

САҚ БОЛЫҢДАР, ТІРІЛЕР!

Қырық бірінші жылдың июні...
Күндердің қауырт қиыны —
тарқатты елдің базарын,
соқты да соғыс құйыны.

Орманда көкпен таласқан
өксіді Өмір адасқан,—
қан-жоса болып қара жер,
қақырап түсті көк аспан.

Айнала шапқын жер мен көк,
теңселіп кетті төңірек,
жынданды құдай жердегі —
жалмауыз жуан зеңбірек.

Ауылға жетті атқан оқ,
аулымды бұлап жасқа көп,

жесірлер жайып шаштарын,
жетімдер қалды қасқа боп.

Жаныштап ажал ызғары,
қайғыдан жүрек мұздады,—
қаусатып кетті қарттарды,
қартайтып кетті қыздарды.

Үй сайын қайғы, нала, зар,
таусылып бітті жаны аздар,
мұржаға қара қарғаша
үйірлді қара қағаздар.

Есімде менің сол күндер —
орылмай қалған егіндер,
ашылмай қалған түндіктер,
аш-жалаңаш тірліктер...

Өтті ғой бастан не жайлар —
от шарпыған жыл-айлар.
Өртеніп кетті сол отқа
оқталып келген талайлар.

Қалғаны тағы дүрлігер,
от алып қайта жүгірер.
Өлгендер қайтып келмейді,
сақ болындар, тірілер!

БАЙДАР ҚАҚПАСЫ

Құбылды күн төнгенде
қияның қатпар ақ тасы...
Бұлт топылды төменде —
биікте Байдар қақпасы.

Қасында шіркеу тым ескі,
атамнан арғы заманғы,
әйнегіменен көмескі
жатырқай бізге қадалды.

Өзгеден оқшау ол бөлек
несіз тұр текке құлазып.
Қабырғасына: «Алға!» деп,
кетті екен қашан, кім жазып?

Алдынан ажал күтті ме?
Лулынан хабар күтті ме?
Соңында Байдар қақпасын
сол үшін ашып кетті ме?

